

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 29 қарашадағы N 1787 қаулысына толықтырулар енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 27 қарашадағы N 1193 қаулысы. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2005.04.20. N 367 қаулысымен

Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін пайдалану және авиация қызметі туралы" 1995 жылғы 20 желтоқсандағы N 2697 заң күші бар Жарлығының 31-1-бабының 1-тармағына және "Азаматтық авиацияны мемлекеттік реттеу туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 15 желтоқсандағы Заңының 10-бабына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Қазақстан Республикасы өнімнің сәйкестігін бақылау туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 29 қарашадағы N 1787 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 2000 ж., N 51, 586-құжат) мынадай толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Міндетті түрде сертификаттауға жататын өнімдер мен қызмет көрсетулердің тізбесінде:

"Қазақстан Республикасында міндетті түрде сертификаттауға жататын қызмет түрлерінің номенклатурасы" деген 20-бөлім мынадай мазмұндағы жолдармен толықтырылсын:

"азаматтық авиация саласындағы қызмет көрсетулер, соның ішінде:
авиациялық техникаға техникалық қызмет көрсету және жөндеу жөніндегі;
авиациялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі;
әуеайлаққа техникалық қызмет көрсету, оны ұстау және жөндеу жөніндегі;
ұшуларды жарық техникалық қамтамасыз ету және әуежай, әуеайлақ, аэронавигация объектілерін энергиямен жабдықтау жөніндегі;
азаматтық әуе кемелерін, әуежай объектілері мен қызметтерін жанар-жағармай материалдарымен және арнайы сұйықтықтармен қамтамасыз ету жөніндегі;

азаматтық әуе кемелерін, жолаушыларды қабылдау, шығарып салу және оларға қызмет көрсету, қолжүкті, жүктерді, почтаны өңдеу жөніндегі;
әуе қозғалысына қызмет көрсету жөніндегі;
ұшуларды және авиациялық электр байланысын радиотехникалық қамтамасыз ету жөніндегі;

азаматтық әуе кемелерін және басқа тұтынушыларды арнайы автокөлік

құралдарымен қамтамасыз ету жөніндегі;
жолаушылар мен жүк тасымалдарын сату және брондау жөніндегі;
азаматтық авиация оқу орындарының қызмет көрсетулері;
азаматтық әуе кемелерін пайдаланушының қызмет көрсетулері;
аса жеңіл авиация саласындағы қызмет көрсетулер".

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі